

Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының  
«Арқалық қаласы білім бөлімінің,  
А.Макаренко атындағы жалпы білім беретін мектебі » КММ

«Бекітетін»  
Бұйрық №  
26.08.25 ж. №1 педагогикалық  
кеңесінде  
Қостанай облысы әкімдігі білім  
басқармасының «Арқалық қаласы  
білім бөлімінің А.Макаренко  
атындағы жалпы білім беретін  
мектебі » КММ басшысы  
Г.Р. Муханбетжанова  
« » тамыз 2025ж.

**«Пікір парасат»  
ҚОСЫМША ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН  
ЗИЯТКЕРЛІК БАҒДАРЛАМАСЫ**

Бағыты- зияткерлік  
Бағдарламаны іске асыру мерзімі-1 жыл  
Бағдарлама түрі-модификацияланған  
Деңгей-бастапқы  
Білім алушылардың жасы: 12 -15 жас

Арқалық қаласы-2025 жыл

## Түсінік хат

«Пікірсайыс – сөз додасы» - білім беру бағдарламасы білімнің гуманитарлық жүйесін нақты көздейтін жаңа бағыттағы дебат клубы. Оқушылар мен ұстаздарды да пікір-сайыстарға араластыруға, өз бетімен ізденуге, білім алу және жалпы шығармашылық белсенділігін арттыруға көзделген. Пікір-сайыстарға дайындық барысында оқушылар белгілі – бір тақырып бойынша мәлімет жинастырып, оларды карама – қарсы бағыттарды қолдайтын екі түрлі позицияға арналған жоспарға топтастырылады. Олар жақтау және даттау топтарының кейстері. Осының нәтижесінде оқушылар кез-келген мәселеге біржақты көзқараста болудан арылып, терең, сын тұрғысынан оқушыларды, сонымен қатар парламент мүшелерін (класс оқушыларын) бөлудің әртүрлі жолдарын қарастыруға болады. Мысалы: психологиялық тренинг, сергіту, ойын элементтері арқылы, екінші СТО элементі жуан, жіңішке стратегиясы арқылы сұрақ жетегімен бөлуге болады. Жалпы пікірталас, талқылау, дискуссия, диалог, бір мәселені көпшіліктің талқысына салу ақиқатқа жетудің ең кең тараған және оң нәтиже бере алатын формасы болып табылады. Алайда бұның да өз қыр-сырлары көп. Ең алдымен ол пікір-сайыстыратын мәселенің күрделілігі, кез-келген мәселе бойынша біріміз ақиқат деп білетін нәрсе басқаға мүлде олай емес. Пікірталас барысында адамдар ортақ мәселе жайлы өз пікірлерін ортаға салады, олардың әр түрлі болуы заңды, пікір сайыстар арқылы тараптар ой бөлуге, өз көзқарастарының кемшіліктерін ашып, оларды ұштауға, кемелдендіруге мүмкіндік алады. Қысқасы, ақиқаттың ең озық таразысы көзқарастар бәсекесі. Бағдарлаәдебиет, тарих пәндеріндегі заман өзгерісінің өзіндік жаңаша көзқарасын сұрап тұратын тақырыптар көптің қасы. Пікір-сайыс логикалық, психологиялық, адамгершілік және көптеген басқа аспектілерді қамтиды. Үлкен додалар өткізіп, оқушылардың лидерлерін анықтауға тигізер септігі бар.

Өзіндік көзқарасы бар, айналаны сыни тұрғыдан барлап, бағалайтын, шешім шығаруда өзгенің ойын таразылап, өз ойын өткізуге сенімді тұлға қалыптасуына септігі тиеді. Әртүрлі саладағы ғылымның теориясы мен практикасына терең бойлау былай тұрсын, оның тарихы, маңыздылығы, өміршеңдігі, пайдасы мен зиянында таразылай алатын дәрежеге жеткізеді. Білім беру бағдарламасының жан-жақты, терендетілген жайын ашады. Пікір-сайыс әдеттегі пән олимпиадалары секілді. Жүйемен өткізілетін әр түрлі деңгейдегі пікір-сайыс бәсекелері арқылы жүзеге асыруға болады.

Олимпиадаларда оқушылар тек бір пән бойынша ғана білімдерін көрсете алса, пікір – сайыстарда олар жан – жақты, әр түрлі салалардағы білімдерін көрсетіп, жетілдіре алады. Пікір – сайыстардың әдеттегі олимпиадалардан айырмашылығы да, артықшылығы да осында. Үйірме оқушының тұлға, азамат ретіне жетілуіне, білім алуға деген қызығушылығының артуына зор ықпал етуі сөзсіз. Сонымен бірге пікір – сайыс бағдарламасы жаңа орта білім беру жүйесінің идеяларымен толық үйлеседі деуге де негіз бар.

## «Пікір парасат» дебат клубының бағдарламасы

### Мақсаты:

\*оқушылардың қисынды, риторика мен шешендік дағдыны және сөйлеу шеберлігін дамыту;

\* оқушылардың ұйымдастыру қабілеті мен сыни ойлауын дамыту;

- ішкі еркіндігі дамыған, өз ойын еркін жеткізе алатын, есесін жібермейтін тәуекелшіл белсенді тұлға қалыптастыру.
- рухани, интеллектуалдық және адамгершілік деңгейі жоғары, ұлтжанды, өзінің қоғам алдындағы азаматтық жауапкершілігін сезінетін жастардың жана буынның қалыптасуына ықпал ету.

### Міндеттері:

- білім алушылардың бойында құқықтық мәдениетті, азаматтық белсенділікті, жауапкершілікті, шығармашылық және сыни ойлау, даулы жағдайларды дипломатиялық жолмен шешу қабілеттерін қалыптастыру;
- клуб мүшелерінің сын тұрғысынан ойлау, коммуникативтік дағдыларын дамыту, қоғамның әлеуметтік-саяси бағдарланған азаматтарын қалыптастыру;
- білім алушыларды дебаттық қозғалысқа жаппай тарту, мәдени-демалыс және ағарту қызметінің инновациялық модельдері мен технологияларын пайдалана отырып, еліміздің әрбір өңірінде, білім беру ұйымдарында дебаттық орталықтар, клубтар құру;
- дебаттық қозғалысты ресурстық қамтамасыз ету – кадрлық әлеует, материалдық-техникалық база, қаржыландыру;
- мектептің, өңірдің, елдің ең өзекті мәселелеріне қоғамның назарын аударту;
- дін, өнер, экономика, қоғам өмірі және т.б. тұрғысынан қазіргі әлемнің түрлі мәселелерін қарастыру арқылы шешендік өнердегі қабілеттерін іске асыру;
- талқыланатын мәселелер бойынша іс жүзінде іске асырылуы мүмкін ықтимал ымыралы шешімдерді шығару, клуб мүшелерінің көзқарасын қорғауға, басқаларды сендіруге және олардың қателіктерін мойындау білігін дағдыландыру;
- дебаттық турнирлерге, семинарларға, тренингтік бағдарламаларға қатысу үшін спикерлер дайындау;
- дебат клубтарының ойындарын дамыту және жетілдіру, жаңа форматтарды әзірлеу, апробациядан өткізу;
- басқа дебат клубтарымен белсенді және конструктивті өзара әрекеттесу;
- \*дискуссия жүргізу ережелеріне оқыту, ораторлық шеберлікке үйрету, даулы жағдайлардың дипломатиялық жолмен шешу қабілеттілігі;
- \*жастардың құқықтық сауаттылығын көтеру;
- \*инновациялық идеялар мен позитивтік тәжірибемен алмасуды реттеу;
- \*сыни тұрғыдан ойлау қабілеттеріне машықтандыру;
- \*жастар арасында өз бетінше білім алу қажеттілігіне дағдыландыру;
- \*көшбасшылық қасиеттерді үйрету.

## Өзектілігі

Дебат — мақсатты, ретке келтірілген көзқарас, пікір мен идея алмасу. Өлемдік тәжірибеде жастардың дебат қозғалысы ерекше әлеуметтік құбылыс саналады. Халықаралық мектеп лигасы дебат қауымдастығына 50 ел кіреді. Дебат саясат, бизнес, әлеуметтік қызмет, білім беру, психология және тағы басқа салаларда қолданылады.

Жоғарғы сыныптың оқушылары арасында дебат өткізудің ең көп таралған форматтарының бірі — 1993 жылы «Ашық қоғам» институты құрған Карл Поппер атындағы дебат. Тұлғаны жан-жақты дамыту мен ынталандыруды қамтамасыз ету мақсатында Францияда және басқа еуропалық елдерде балалар мен жастар арасындағы дебат кеңінен қолданылады. Ұлыбритания, Франция, Германия, Австрия және тағы басқа елдердің оқу орындарында ашық қоғамда белсенді азамат қалыптастыру мақсатында «Дебат» бағдарламалары құрылған. Дебат Қазақстанда гуманитарлық білімді жаңарту мен өзгерту мақсатында 1996 жылғы сәуірде «Сорос-Қазақстан» қорымен басталды.

ҚР Білім және ғылым министрлігінің қазақстандық педагогтар арасында жүргізген сауалнамасының нәтижесінде оқушылардың адамдармен қарым-қатынас жасауында, байланыс орнатуында кінәрат бары анықталды. Дебатқа қатысушылардың 69%-ының коммуникатив құзыреттілік деңгейі, атап айтқанда, танымдық және мотивациялық компоненттері жеткіліксіз деңгейде болса, 29%-ында орташа және тек 2%-ында ғана жоғары екені байқалған. Жоғарғы сынып оқушыларының 19%-ында ғана адамдармен тез қарым-қатынас орнату қабілеті болған.

Қазіргі уақытта мектепшілік дебат қозғалысын дамыту — өзекті мәселе. Себебі оқушылардың бойында саяси мәдениетті, өз әрекеті үшін өзі және қоғам алдында жауапкершілікті, шығармашыл және сыни ойлау қабілетін қалыптастыру қажет.

**Күтілетін нәтиже:**

- Мектеп оқушыларының бос уақытын тиімді пайдалану;
- Пікірсайыс арқылы белсенді азаматтық позициясы бар, жаңарған қоғамның жаңа азаматтары тәрбиеленеді.
- Басқа адамдардың көзқарастарымен санаса алатын озық ойлы азаматтардың қатарын көбейту;
- Жастарды өз бетімен білім алуға, ізденуге дағдыландырады;
- Жастардың бір-бірімен тығыз қарым-қатынас жасауларына, пікір алмасуына, қарым-қатынас диалогін орнатуға мүмкіндік туғызады.
- Саяси сана сезімі, қоғамға көзқарасы ерекшеленеді
- Оқулық арқылы берілетін әдеби құндылықты терең меңгереді
- БАҚ құралдарын, кітапхана оқулықтарынан қажетті мәліметті ала алады
- Көпшілік алдындағы сайыстарға еркін қатысады

Заман талабына сай туындаған жастардың өзекті мәселерін талқылап оның шешілу жолында үздік ұсыныстар дайындайды.

## КҮНТІЗБЕЛІК – ТАҚЫРЫПТЫҚ ЖОСПАР

№	мазмұны	Сағат саны	теория	практика	Күні
1	Кіріспе.Дебат тарихынан.	1	0,5	0,5	2.09
2	Карл Попердің пікір- сайыс үлгісі.	1	0,5	0,5	9.09
3	Саяси дебат форматы.	1	0,5	0,5	16.09
4	Пікір- сайыстың американ форматы.	1	0,5	0,5	23.09
5	Спикерлер қызметі.	1	0,5	0,5	30.09
6	Мектеп ішкі ережесі қаншалықты қатаң сақталады?	1	0,5	0,5	7.10
7	Мектеп формасы қандай үлгіде болу қажет?	1	0,5	0,5	14.10
8	Мемлекеттік басқарудың жаңа үлгісі қандай болмақ? (Жолдау – 2025ж.)	1	0,5	0,5	21.10
9	Уақыт төрешінің қызметі.	1	0,5	0,5	4.11
10	Мемлекеттік тіл мәртебесі артып келе ме?	1	0,5	0,5	11.11
11	Пікір-сайыс этикасы.	1	0,5	0,5	18.11
12	Мұғалім – мәртебелі мамандық (ерекшеліктері/қиындықтары)	1	0,5	0,5	25.11
13	Еліміздегі жастар саясаты. Жетістіктер мен кемшіліктер	1	0,5	0,5	2.12
14	Еліміздегі бала құқығы қаншалықты дәрежеде қорғалады?	1	0,5	0,5	9.12
15	Төреші этикасы.	1	0,5	0,5	15.12
16	Пікір-сайысқа дайындалуда ақпарат құралдарын қолдану.	1	0,5	0,5	23.12
17	Сөздіктер және интернет жүйесін қолдану маңызы.	1	0,5	0,5	13.01
18	Кейсті құрастыру.	1	0,5	0,5	20.01
19	Оқушыны бағалаудың тиімді жолдары қандай?	1	0,5	0,5	27.01
20	Кейсті қорғаудағы спикерлердің шеберлігін дамыту.	1	0,5	0,5	3.02
21	Мектепте смартфонды қолдану туралы ЛД форматы	1	0,5	0,5	10.02
22	Спикерлерді бағалаудың критерилері	1	0,5	0,5	17.02
23	Өзекті тақырыптарды таңдай білу.	1	0,5	0,5	24.02
24	Дебат оқушылардың логикасын дамытудағы ролі.	1	0,5	0,5	3.03
25	Болашақ мамандықтар қандай болмақ?	1	0,5	0,5	10.03
26	ҰБТ шынайы сапа ма, сәттілік пе?	1	0,5	0,5	17.03
27	Көшбасшы және табысты адам болу үшін не істеу керек? ЛД форматы	1	0,5	0,5	31.03
28	Ана – әлемдегі ең жанашыр жан. Анамызды тыңдап жүрміз бе?	1	0,5	0,5	7.04
29	«Қазіргі жастар және дін»	1	0,5	0,5	14.04
30	«Қазақстанның жастары қаншалықты патриот?» Пікірталас	1	0,5	0,5	21.04
31	Қазақ тілді контентті қалай дамытуға болады?	1	0,5	0,5	28.04
32	"Жас өспірімдер арасында қылмыспен күрес жеткілікті ма?" ойын өткізу.	1	0,5	0,5	5.05
33	Сендіру алаңы	1	0,5	0,5	12.05
34	Қорытынды	1	0,5	0,5	19.05
	<b>Барлығы:</b>	<b>34</b>			

- **Күтілетін нәтиже:**
- \*оқушыны ізденіске жетелейді;
- \*сөйлеу шеберлігін қалыптастырады;
- \*өзбетінше ой қорытып, өз бетінше еңбек ете алатын жеке тұлға қалыптасады;
- \*ғылыми жоба, конференция және т.б. байқауларда дәйекті айғақтарды ұсына алады;
- \*дүниетанымын, көзқарасын кеңейтеді.
- **Оқушылардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптар:**
- \*дебат технологиясына қойылатын талапты білу;
- \*дебат ойындарының ерекшелігін меңгеру;
- \*дебат пен шешендік сөздердің арақатынасын айыру;
- \*жұрт алдында еркін сөйлеу;
- \*ойды қорыту тәсілдерін меңгерту;
- \*беделді құжаттармен жұмыс жасай білу;
- \*озат ойы болуы, өзін-өзі құрметтеуі.
- **Тексеру әдістері:**
- \*жобалар
- \*презентациялар
- \*пікірсайыс ойындары

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. «Мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығы (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 31 тамызда № 29329 болып тіркелді).
2. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы.

3. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту Министрлігінің 2024-2025 оқу жылына арналған «Біртұтас Тәрбие бағдарламасы».
4. ҚР БЖҒМ 07.08.2023ж.№248 бұйрығы. 8-қосымша 22 пункті, 2-тарау 29 пункті.
5. ҚР БЖҒМ Типтік ережелері 31.08.2022ж. №385 бұйрығы.
6. Мектеп Жарғысы.
7. Мектептің ішкі тәртіп ережесі.
8. Пікірсайыс ойындарының толық ережелік нұсқаулығы// Қостанай облыстық пікірсайыс одағы «Еркін пікір» жастар қоғамдық бірлестігі.

**Қосымша:**

1.Халықаралық пікірсайыс білім беру ассоциациясы дайындаған әдістемелік ақпарат.

Оқушыларға арналған әдебиеттер тізімі:

Интернет желісінен алынған ақпарат.